

ӘОЖ: 338.48 (574)

ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЭТНО-МӘДЕНИ ТУРИЗМНІҢ ТӘЖІРБИЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Нұрланқызы Аружан, Жанарбек Гүлжайна

aruzhan.nurlankyzy20@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті,
«Туризм» мамандығының 2-курс студенттері, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р. Шоқан

Этнотуризмнің негізгі мақсаты әлемхалықтарының мәдениетін тұрмысы, салт-дәстүрлерін, архитектурасы, этникалық объектілері арқылы шетелдік немесе отандық туристерге таныстыру болып табылады. Бүгінгі таңда этнотуризм туризмнің мәдени-танымдық түріне жататын, қарқынды дамып келе жатқан жаңа туристік бағыты болып табылады.

Әлем халықтарының мәдени, тұрмыс, салт құндылықтарын зерттеп, қарастыратын этнография ғылымы болып табылады. Этнографиялық турлар барысында туристер аталған ерекшеліктер және құндылықтармен танысады. Этнотуризмнің бірнеше бағыты белгілі. Алғашқысы - белгілі бір халықтардың тұрмысын, мәдениетін сақтаған бүгінгі таңда бар қоныстармен танысу. Осындай қоныстар арқылы өтетін туристік маршруттар қазіргі таңда әлемнің көптеген мемлекеттерінде бар. Бүгінгі таңда туризм саласында «Үш S»-Sea-Sun-Sand (теңіз-күн-жағажай) қағидасының орнын «Үш L»-Lore-Landscape-Leisure (ұлттық салт-дәстүрлер-пейзаж-бос уақыт) формуласы арқылы саланы дамытудың тиімді бағыты негізінде саналып отыр.

Этникалық туризм адамдардың түпкі мекен еткен орнымен және белгілі бір адамдардың туған жерімен байланысты тарихи орындармен танысу болып табылады. Этнотуризм - мәдени-танымдық туризмнің бір бағыты. Туризмнің бұл бағыты адамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Этнотуризмге қызығушылық күннен күнге өсіп, саяхатшылар арасында басқа халық мәдениетін, әртүрлі этностардың салт-дәстүрлерімен және мәдениетімен тануға ұмтылуға септігін тигізіп отыр.


Этнографиялық туризмнің екінші бағыты - халық тұрмыстық мұражайларына, әсіресе аспан астындағы этнографиялық мұражайларға бару болып табылады. Мұнда шаруашылық бұйымдары, тұрмыс заттары көрсетіледі және ұлттық мерекелер ұйымдастырылады. Адамдар онда өз көзімен белгілі бір дәуірге жататын бұйымдарды көру арқылы оның ұлттық маңызы, белгісі мен пайда болу тарихы туралы ақпарат алады. Мұндай сапардың дамуы әр этнос өкілдерінің арасындағы толерантты қарым-қатынастың нығаюына септігін тигізеді, себебі келген туристер өз әсерлерімен айналасындағы басқа адамдармен бөлісу арқылы әлем халықтарының құндылықтарына сыйластығы мен қызығушылығы арта түседі.

Этнографиялық туризмнің үшінші бағыты - аборигендік туризм. Мұндай сапарларда

тур бағдарламасына қарастырылатын этнос өкілдері тартылады. Мысалы, Египет немесе Араб әмірліктеріндегі сафариді ұлттық киімдер киген жергілікті тұрғындар жиі өткізеді. Бұл туризм түрі көбінесе АҚШ, Канада, Австралия, Латын Америкасы елдерінде таралған.

Сондай-ақ, этнотуризмнің дәстүрлі және ностальгиялық түрлері бар. Біріншісі - қоныстарға немесе мұражайларға бару арқылы мәдениетпен танысуды көздейді. Ал екінші бағыт- туристердің тарихи отанына сапар шегуімен байланысты. Мысалы, бүкіл әлемнің еврейлері үшін тарихи отан Иерусалим болып табылады, онда бұл халықтың өкілдері өз ата-бабасының басына дұға оқу үшін жиі барады.

Джайлоо-туризм-туризмнің ең жаңа түрлерінің бірі. Джайло-туризм-бұл өркениеттің кез-келген ізі жоқ алғашқы қауымдық құрылым сақталған тайпалармен бірге тіршілік ету. 90-шы жылдардың соңында Қырғызстанда пайда болған, қырғыз тілінен "тау жайылымы" деп аударылады. Джайлоо-туристер ғаламшардың шексіз бұрыштарына – Азия таулары мен далаларына, Сібір мен Солтүстік Америка ормандарына, Амазонка ормандарына және Африка қорықтарына саяхат жасайды. Шартты түрде туризмнің жаңа бағыты болып табылатын этнотуризмнің жіктемесін төмендегідей сипаттауға болады (1-сурет).



1 – Сурет Этникалық туризм жіктемесі

Әр халықтың күндегі тұрмысында шетел туристері қызығатын этнотуризм элементтері орын алып жатады. Бұл өз мәдениетін сақтаған ұлттық мәдени ерекшеліктері бар халықтың салт-дәстүрлерін көрсету мүмкіндігін туғызады. Салт-дәстүрлер - әлеуметтік қағидаларда көрініс тапқан топтық тәжірибе. Ол қоғамдық құбылыс және белгілі бір халықтар мен тайпаларға тән. Олар халық шығармашылығымен, яғни фольклормен тығыз байланысты.

Этнотуризмді дамыту бойынша шет елдердің тәжірибелерін қарастыратын болсақ. Мысыр мемлекетінде елге келген әрбір шетелдікке бәдәуилер тұрағына бару туры ұсынылады. Туристер бәдәуилердің көшпенді өмір салтымен танысуға мүмкіндігі бар. Осы секілді Перу мемлекетіндегі туристік сапарлардың басты мақсаты - мемлекеттің ежелгі тұрғындары үндістердің өмір салтын көрсету болып табылады. Осындай мақсатпен ұйымдастырылған туристік сапарлар барысында туристер Амазонка өзеніндегі Сильвада тұратын тұрғындардың тұрақтарына барады. Бұл жағдайда этнотуризм экологиялық туризммен сабақтас болады. Аталған маршруттарға ұқсас маршруттар Солтүстік Үндістанда, Солтүстік Таиландта, Австралияда және Тынық мұхитының аралдарында кең көлемде таралған. Еуропаның кей мемлекеттері туристерді тарту мақсатында халықтың ұлттық нақыштағы киімдерін жиі қолдануға тырысады. Әлемнің әртүрлі аймақтарында туристер ұлттық мерекелер мен фестивальдарға да қатысуына мүмкіндігі бар. Ұлттық қоныстарға бару кезінде, туристер жергілікті халықтың жасаған қолөнер бұйымдарын кәдесый ретінде алып, ұлттық тағамдарынан дәм татуына болады.

АҚШ-та, Канадада байырғы үндістер туристерді іздерді оқуға үйретеді. Лаоста турист ауылға барып, мойындарына шығырық ілінген «ұзын мойындары» бар әйелдерді көре алады.

Қытайда этнотуризмді дамытуды әрі қарай жетілдіру мақсатында туризм жылын

белгілеп, халық өнерімен таныстыру іс-шараларының тізімі анықталған. Осы туризм жылының тақырыбы қарт елдің тарихындағы көне өркениетімен, дәстүрлі халық өнері мен халықтың салт-дәстүрімен, аңыздары мен халықтық фольклормен таныстыру турлары ұсынылуда. Елде Гирин қаласындағы Цзилинь провинциясының халық өнері туристік фестивалінің ашылуы, Жауын мен қар Халықаралық фестивалі, Чжэцзян провинциясының халық өнері фестивалі, Ханчжоу қаласындағы туристік маршруттың ашылу рәсімі, Иньсянь уезіндегі үйлену той салты фестивалі, Шаньси провинциясының, Пинъяо көне қалашығында қонақтар Науқан мерекесіне арналған алау фестиваліне, Гуанчжоуда көктемгі гүлдер фестиваліне, шанхайдың Юйянь саябағында қытай шамдары мерекесіне, Нанкинде Өрік гүлі Халықаралық фестивальға қатыса алады. Қытайдың мәдени дәстүрлері кеңінен қамтылған. Бұл жайында Халықаралық конфуциялық мәдени фестивалін, Хунань провинциясының Чжучжоуында қытау ұлтын құрушысы Яньдиді еске алу рәсімі, және т.б. ерекше атап өтуге болады.

Бразилияның ең атақты фестивалі Рио-де-Жанейрода 1928 жылдан бері өткізіп келеді. Әдеттегі салтқа сәйкес сағат 19.00-да Рио-де-Жанейро басшысы карнавалды салтанатты түрде ашып, оның тізгінін карнавал ханына береді. Бұл күндері карнавал Бразилияның барлық үлкен қалаларында өткізіледі.

Бразилияның карнавалы – бұл энергияға толы, тартымды латын сылқымдарының би шеберлігін көруге мүмкіндік беретін қызықты мерекелік шара болып табылады. Төрт күн бойы саны екі мыңнан бес мыңға дейін жететін Рио-де-Жанейронның ең үздік 12 самба мектептері өзара жарысқа түсіп отырады. Әр жыл сайын әр самба мектебі белгілі бір тақырыпты таңдап, костюм мен қойылым алаңын анықталады. Рио-де-Жанейрода өтетін карнавалда әр мектеп алдын ала дайындаған сахналық көрінісін көрсетіп, оны туған жерге арнайды.

Өзбекстан шетелдік туристерді этнотуризм ұйымымен таң қалдырады. Келушілер халықтың өмірі мен тұрмысы туралы көп мәлімет ала алады, ұлттық киімдерді киіп, ұлттық тағамдардың дәмін татып көруге болады.

Қырғызстанда джайлоо тек қана керемет емес, сонымен қатар шара қауіпсіз болып табылады. Бұл жерде саяхатшылар-экстремалдар үшін Бішкекте басталатын, қазіргі заманғы барлық игіліктермен ұштасып, Корчорка ауылында, Сон-Кул көлінде және Сарала-Саз жайлауында аяқталатын арнайы маршрут құрылды.

Қазіргі замандағы этнотуризмнің дамуына және ұйымдастырылуына басымдық беріп отырған шет елдердің тәжірибелеріне сүйене отырып, төмендегі этнотуризм бағыттарын жүйелендіруге болады (2-кесте).

2 - Кесте Шет елдердегі этнотуризмнің бағыттары

Мемлекет	Этнотуризм маршрутының мақсаты	Ұсынылатын туристік ақпарат
Мысыр	Бәдәуилер тұрағына бару	Бәдәуилердің көшпенді өмір салтымен танысуға мүмкіндік
Перу	Мемлекеттің ежелгі тұрғындары үндістердің өмір салтын көрсету	Туристер Амазонка өзеніндегі Сильвада тұратын тұрғындардың тұрақтарына барады
АҚШ, Канада	Байырғы үндістер тұрағын көрсету	Байырғы үндістер туристерді іздерді оқуға үйретеді
Лаоста	Ұлттық мәдениетпен таныстыру	Турист ауылға барып, мойындарына шығыршық ілген әйелдерді көре алады
Қытай	Монастырларға бару; фестивальдар ұйымдастыру	Шетелдік туристерге Тибет монастырына барып, монахтар мен мойынсұнушылардың өмірі туралы толығырақ білуді ұсынады
Өзбекстан	Көшпенді халық	Жергілікті халықтың өмірі мен

	мәдениетімен таныстыру	тұрмысы туралы ақпарат
Намибия, Африка	Жауынгер әйелдердің тіршілігімен таныстыру	сәнқойлардың өмір салтын тамашалау
Бразилия, Рио-де-Жанейро	Карнавал, самба биін тамашалау	Бразилияның карнавалы – бұл би шеберлігін көруге мүмкіндік беретін қызықты мерекелік шара
Қырғызстан	Джайлоо туризм	Арнайы маршрут құрастыру танымдық ақпарат беру

Туристердің үштен бірі әйгілі Ұлы Жібек жолы бойындағы елдерге барады. Себебі, этнографиялық мәдениеттің терең мағыналы таңсық дүниелері оларға қызықты және тартымды болып табылады. Қазақстан Республикасы ішкі жалпы өнімдегі туризмнің үлесін 2020 жылға қарай 10 пайызға жеткізу жоспарын бекіткен. Алайда бүгінде елімізде туризмнің тау шаңғысы спорты, экотуризм, шопинг сияқты бірнеше түріне ғана басымдық берілген. Біз осыған орай мәдени-танымдық туризмнің бір бағыты саналатын этнотуризм саласының мүмкіндіктерін арттырып, дамыту және жандандыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруымыз керек.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында жергілікті тұрғындар мен халықтың экономикалық іс-әрекетінің түрі болып табылатын этно-экологиялық туризм арқылы қазақ халқының экономикалық дамуын жоғарылататын жобалар құрастырылуда. Олар жергілікті тұрғындардың күші арқылы этнографиялық туризмнің тұрақты дамуына бағытталған. Оның мүмкіндіктері туризмнің өзге салаларынан артық болмаса кем емес. Этнотуризмнің бағыттары айтарлықтай көп. Көшпенділердің дәстүрі көптеген елдерді қызықтырмай қоймайды. Бірақ біз қазір оны дамытудың қарқынды жолына түсе алмай отырмыз. Қазақстандағы этникалық туризмді дамытудың алғышарттарын төмендегідей сипаттауға болады:

1) ұлттық немесе макроөңірлік ауқымда ғана емес, жекелеген өңірлер шегінде де, тіпті төменгі әкімшілік бірліктер (аудандар, ауылдық елді мекендер) деңгейінде де көрініс табатын халықтың этникалық әртүрлілігінің шеңберінде іске асыру;

2) ұзақ этносаралық интеграция, аккультурация және ассимиляция процесінде қалыптасқан әртүрлі этномәдени кешендердің, ең алдымен шығыс славян, түркі халықтарының бірегей үйлесімі;

3) урбанизацияның елдің барлық этностық топтарының дәстүрлі мәдени кешеніне деструктивті әсері;

4) Қазақстан өңірлерінің отандық және шетелдік туризм нарықтарында, әсіресе – елдің туристік артықшылық рейтингін арттыру керек.

Қазақтардағы жетекші этикалық дәстүрлердің бірі-өзінің туыстық, өзінің генеалогиялық ағашын білу болып табылады. Көптеген отбасыларда ұрпақтан-ұрпаққа, әкесінен ұлына және т.б. берілетін жәдігерлер сақталған. Жоғарыдағы тұжырымдар ұлттық этнотуризмді дамытуға ресурстардың жеткілікті екендігін көрсетіп отыр. Сарапшылардың пікірінше, Гансух Дамба Қазақстан турпотенциалының Моңғолиямен ұқсастығын атап өтті. Ал этнотурлардың басты фишкаларының бірі Шыңғысхан жорықтарының іздері бойынша ұйымдастырылатын турөнімді есепке алады. Орталық Азия елдерінде маманданған Indi Guide порталын ұйымдастырушы Атахан Тосунның өз зерттелерінде Қазақстанға жиі қызығушылық танытатын әлем елдерінің рейтингін анықтады (1-кесте).

1- Кесте ҚР келу туризмі бойынша алғашқы ондыққа кіретін елдер тізімі

Елдер	Пайыз %
АҚШ	8,6%
Украина	7,7%
Германия	6,8%

Гонконг	6,4%
Польша	5,7%
Нидерланды	4,5%
Австралия	4,3%
Испания	4,0%
Франция	3,1%
Швейцария	3,1%

Шет елдерден туризм мақсатында ҚР келушілердің алғашқы ондығына кіретін елдердің ішінде АҚШ, Украина мен Германияның үлес салмағы артық.

Келу туризмінің 8,6 пайызы АҚШ-на, 7,7 пайызы Украинаға, 6,8 пайызы Германия туристеріне тиесілі. Швейцария мен Франция туристерінің Қазақстан Республикасына қызығушылығы сәйкесінше 3,1 пайызды құрап отыр.

Әлем елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып қазақстанда этнотуризмді дамытуға байланысты төмендегідей ұсыныстар жасалады:

1. Фестивальдар және карнавалдар ұйымдастыру. Бразилия мемлекетіне қарап отырсақ олар өз мемлекетіні тұрмысын осындай іс-шара нұсқасында туристерге жыл сайын ұсынып отыр. Бұл карнавал үшін жыл сайын миллиондар туристеркеліп, тамашалап жатыр. Біз фестивальді еліміздің ұлттық құндылықтарын дамыту негізінде қарастыруымызға әбден болады. Мысалға- Наурыз фестивалі. Бұл жерде көптеген киіз үй тігіліп, айналасында ұлттық ойындар ойналса, қонақтарға ұлттық тағам ұсынылса, отандық ұлттық киім және әшекей-бұйымдар топтамасы көрсетілсе, бұның өзі ерекше сипатқа ие этно стильдегі мереке болар еді. Бір жағынан құндылықтарымызды таныстыр және таныту, екінші жағынан кәдесый,қолөнер бұйымдары және топтамаларды ұсыну арқылы халықты қосымша табыс табуға жұмылдыруға болады. Бұл іс-шараны Маңғыстау, Алматы Шарын, Баянауыл секілді жерлерде өткізуге мол мүмкіндігіміз бар. Бұл бір жағынан экономикалық жағынан тиімділікті арттырады.

2. Туристерді қабылдайтын отбасылық үйлерді көбейту. Яғни киіз үйде бұл отбасылар туристерді шашу шашудан бастап күнделікті қазақ тұрмысымен таныстырып, тур ұйымдастырып, гид ретінде қызмет атқарады. Күнделікті дайындап жүрген ұлттық тағамдармен таныстырып, дайындалу жолын көрсетеді. Ұлттық аспаптарда ойнап, қазақ өнерімен таныстырады. Бұл арқылы туристерге қазақ халқының қонақжайлылығын, бай мәдениетіміз бен құндылықтарын көрсете аламыз. Олар өздерін толыққанды қазақ отбасысының мүшесі сезініп, танысуға мүмкіндігі мол болады. Осындай үйлерді Оңтүстік Қазақстан өңірінен бастап, дамыта аламыз.

3. Этно-қонақ үйлердің ашылуы. Жоғарыда айтылғандай, туристер тек көрумен емес, мәдениетті толығымен сезінуге тырысады, осындай қызмет түрін ұсынатын қонақ үйлер де этнотуризмді дамытуға айрықша үлесін қосады.

4. Ұлттық нақышта жасалған демалыс орнының ашу.

5. Қазақстанның ұлттық асханасы этнографиялық туризмді дамытудың негізіне кіре алады. Яғни, гастрономиялық турды ұйымдастыру.

6. Киіз үй лагерлерінің желісін құру және бұл-балаларға арналған білім беру жобасы. "Бұл жас ұрпақты еліміздің тарихымен, мәдениетімен, дәстүрлерімен және табиғатымен таныстыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ басқа елдерден скауттық қозғалысқа қатысушыларын тартуға бағытталу қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Биржаков, М. Б. Введение в туризм / М. Б. Биржаков. – 9-е изд., перераб. и доп. – СПб. : Изд. дом Герда, 2007.

2. <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=10056>

3. Народы мира. Историко-этнографический справочник. - М., 2004.

4. Moscardo, G. Understanding Ethnic Tour-ists – the Tjarukai experience [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.rain-foresterc.jcu.edu.au>
5. Моралева, Н. В. Аборигенный экотуризм : метод. пособие / Н. В. Моралева и др. – М., 2008. – 108 с. (Серия «Библиотека коренных народов Севера», вып. 13).
6. Сундуев, Ч. Б. Этнотуризм как одно из направлений культурно-познавательного туризма / Ч. Б. Сундуев, Л. В. Хышиктуева // Вестн. Бурят. гос. ун-та. – 2009.